



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 13 маусым

### Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын «блокчейн» технологиясын пайдалана отырып орналастыру жобасы туралы

Ұлттық Банк жаңа технологияны – халықтың бағалы қағаздарды «блокчейн» базасында сатып алу және сату операцияларын жасауы үшін мобильді қосымшаны әзірлеуді аяқтауда. Пилоттық жобада Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын пайдалану қарастырылуда.

Ұсынылатын шешім брокерлер мен дилерлер арқылы делдалдардың көмегінсіз азаматтарға Ұлттық Банктің ноттарын мобильді телефоннан онлайн режимінде сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді. Ешқандай салық пен комиссия қажет емес. Абсолютті өтімділік және иелену мерзімдері бойынша ешқандай шектеу жоқ. Бір ноттың номиналдық құны 100 теңге мөлшерінде айқындалатын болады, бұл шамалы жинақ ақшаның өзін инвестициялау үшін пайдалануға жағдай жасайды.

Қазіргі уақытта аталған жүйе ішкі тестілеуден өтуде. Бұл өнімнің 2017 жылдың екінші жартысында іске қосылатыны жоспарланып отыр.

Болашақта бұл шешімдер өзге бағалы қағаздарды орналастыру үшін, мысалы, халық арасындағы IPO шеңберінде пайдаланылуы мүмкін. Мәмілелер тікелей делдал құрылымдардың қатысуынсыз жасалады және қашықтан негізде нақты уақыт режимінде орындалатын болады.

**«Блокчейн» технологиясы** жасалатын мәмілелерді есепке алу және операциялар бойынша ақпараттың сақталуын, өзгермеуін қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын болады.

Бұл жүйені іске асыру кезінде Қазақстан Ұлттық Банкі абсолютті түрде жаңа екі функцияны жүзеге асыратын болады: **қысқа мерзімді ноттарды тікелей халыққа сатады және электрондық ақшаны шығарады.**

Жоба шеңберінде қысқа мерзімді ноттарды сатып алу немесе сату жеке тұлғаның қаржы мекемесіне жеке бару қажеттілігінсіз қашықтан тәсілмен жүзеге асырылатын болады. Жүргізілген операциялар бойынша есеп айырысулар электрондық ақшаны пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Қысқа мерзімді ноттарды сатып алу үшін жүйеде мобильді немесе веб-қосымша арқылы тіркелу, қосымшаның сервистері арқылы электрондық ақшаны сатып алу (қолдағы төлем карточкасын пайдалана отырып немесе төлем терминалдары арқылы қолма-қол ақшаның көмегімен) және бағалы қағаздарды сатып алу операцияларын жүзеге асыру жеткілікті болады. Бағалы қағаздарды кез келген уақытта есептелген сыйақыны (кірісті) ала отырып мобильді немесе веб-қосымша арқылы оңай сатуға да болады.

Жүйені құрған кезде пайдаланылған «блокчейн» технологиясы шынайы жазбаларды бөліп сақтауға негізделген. Қысқа мерзімді ноттары бар әрбір операция өзінің белгілі бір

сәйкестендірушісі және қалыптастыру алгоритмі бар транзакция түрінде сақталады. Барлық транзакциялар транзакциялардың арнайы блогын қалыптастыратын болады.

Сонымен бірге жобаны іске асыру барысында Қазақстанның заңнамасын, оның ішінде бағалы қағаздар нарығы, төлемдер және төлем жүйелері, сондай-ақ ақшаны жылыстауға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы қолдану мәселелерін кешенді шешу талап етілді.

Жоба бағалы қағаздармен және электрондық және нақты ақша айналымымен операциялар бойынша өзара қарым-қатынастарды қозғайтындықтан, ақшаны жылыстауға қарсы іс-қимыл бойынша заңнамаға сәйкес **клиенттердің сәйкестігін тексерудің** күрделі рәсімдерін сақтау талап етіледі. Ұзақ жұмыс нәтижесінде заңнаманың талаптарын ескере отырып қашықтан сәйкестендірудің оңтайлы әрі жылдам тәсілдері айқындалды.

Бұл салада қосымша шешімдер іздестіру жалғастырылады, оның ішінде жобаға екінші деңгейдегі банктерді тарта отырып жалғастырылатын болады.

Қазақстан Ұлттық Банкі жүргізілетін жұмыс нәтижелерін кезең-кезеңімен жария етеді.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)